

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз

университетінің ректоры,
п.ғ.д., профессор

_____ М. Сарыбеков


09 _____ 2025 ж.



**ОҚУ ПРОЦЕСІН КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ
БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
СМЖЕ 3-2-33-2023**


Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Тараз 2025 ж.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023


АЛҒЫ СӨЗ

1. ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ:
ӨЗІРЛЕГЕНДЕР: – Академиялық саясат басқармасымен
– Академиялық саясат басқармасының басшысы
А.Н.Наренова
2. КЕЛІСІЛДІ: – Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор
А.С. Кадырова
3. УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫНЫҢ 05.09.2025.Ж. №01/001 ӨКІМІМЕН БЕКІТІЛДІ
ЖӘНЕ ІСКЕ ЕҢГІЗІЛДІ.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҰК НҰ 6-2023

МАЗМҰНЫ

№		беті
1	Нормативтік сілтемелер.....	4
2	Жалпы ережелер.....	4
3	Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білім берудің оқу бағдарламалары және оқу жоспарлары.....	7
4	Кредиттік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдасты <i>Қосымша А Жеке оқу жоспары</i>	8 15
	<i>Қосымша В Транскрипт</i>	17
5	Келісу парағы.....	19
6	Танысу парағы.....	20
7	Өзгерістерді енгізу парағы.....	21

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

1.2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

1.3 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

1.4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларының халықаралық танылуын, білім беру ұйымдарында білім алушылар мен оқытушылардың жұмылғыштығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы жүзеге асырылады.

Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жұмысының еңбек сыйымдылығының есебі оқытылатын материалдың көлемі бойынша, яғни кредит арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, әрбір пән көлемі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және үлгі оқу жоспарлары негізінде кредиттермен айқындалады.

Кредиттік оқыту технологиясы білім берудің барлық деңгейлері бойынша бұрын жинақталған кредиттердің өспелі есебін білдіретін жинақтаушы болып табылады.


Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

2.1 Академиялық еркіндік - білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

2.2 Академиялық мобильдік - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

2.3 Межелік бақылау - бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

2.4 Қорытынды бақылау - емтихан түріндегі аралық аттестаттау кезеңінде жүргізілген оқу пәні бағдарламасын бағалау сапасының мақсатын игеру, білім алушылардың оқудағы жетістігін бақылау; егер бірнеше академиялық кезеңдер

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

барысында пәндер оқытылатын болса, онда оқытылған нақты академиялық кезеңде, пәндерге бөлімдер бойынша, қорытынды бақылау жүргізіледі;

2.5 Еуропалық трансферт (аударым) және несиелік жинақтау жүйесі (ECTS) білім беру траекториясы, оқу орны және оқыту елі ауысқан жағдайда білім алушылардың игерген оқу пәндерін (кредит мен бағаларын қоса алғанда) салыстыру және қайта сынақтан өткізуде пайдаланылатын білім беру бағдарламалары компоненттеріне сынақ бірліктерін (несие) белгілеу әдісі;

2.6 Модуль – білім алушылардың білімі, білігі, дағдысы және құзыреттілігі бағалау критерийлеріне сәйкес келетін нақты тұжырымдалған, дербес, білім беру нәтижелері тұрғысынан аяқталған білім беру бағдарламаларының құрылымдық элементі;

2.7 Модульдік білім беру бағдарламасы - білім алушылардың қандай да бір академиялық дәреже және/немесе біліктілік алуы үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді меңгеруге бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы;

2.8 Модульдік оқыту - білім беру бағдарламаларын, оқу жоспары мен оқу пәндерін модульдік негізде құрастыратын оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі;

2.9 Білім беру бағдарламаларын модульдік негізде құрастыру - білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын оқытудың мақсатына сай білім алушының кәсіби құзыреттілігінің жиынтығы болатын оқу үдерісін ұйымдастыру тұжырымдамасы негізінде кәсіптік оқыту мақсатына қол жеткізу құралы;

2.10 Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

2.11 Оқу модулі - білім алушылардың құзыреттіліктері тұтас немесе жартылай қалыптасатын олардың нақты оқыту нәтижелерін меңгеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі;

2.12 Білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері мен дағдылары, құзыреті;

2.13 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау - академиялық кезең ішінде, оқытушымен өткізілетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

2.14 Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;


2.15 Академиялық кезең (Term) - үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теоретикалық кезең: семестр, триместр, тоқсан

2.16 Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының оқу бағдарлама пәнін игеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

2.17 Академиялық деңгей (Degree) - қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже;

2.18 Академиялық сағат кесте бойынша оқу сабақтардың (аудиториялық жұмыс) барлық түрлері немесе жеке бекітілген графика бойынша білім алушылардың оқытушымен байланыс жұмысының уақыты;

2.19 Белсенді үлестірмелі материалдар (KYM) (Hand-outs) - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

2.20 Оқу пәніне жазылу (Enrollment) - білім алушылардың оқу пәніне белгілі бір тәртіппен алдын ала жазу рәсімі;

2.21 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған оқу пәндерінің игеру дәрежесін немесе көлемін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

2.22 Кредит (Credit, Credit-hour) - білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі. Аудиториялық жұмыстың бір сағаты 50, 75 немесе 100 минутқа тең болғандықтан, білім алушылардың аудиториялық жұмысының академиялық сағаттары тиісінше БӨЖ сағаттарымен толығады, осылайша білім алушының семестр түріндегі академиялық кезеңінің бір аптасындағы бір кредит жиынтық оқу жүктемесі бакалавриатта 3 сағатқа тең болады.

2.23 Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау - жоғары оқу орындары дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары арқылы (ағымдық, межелік, қорытынды) білім алушылардың білім деңгейін тексеру;

2.24 Пәннің сипаттамасы (Course Description) - пәннің мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін, қысқаша нысанды қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);

2.25 Офис регистратор - білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет;

2.26 Постреквизиттер (Postrequisite) - аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер;


2.27 Пререквизиттер (Prerequisite) - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;

2.28 Пәндер бағдарламасы (Syllabus) - оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі;

2.29 Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушының емтихан сессиясы кезеңінде бір пәннің толық көлемін немесе бір бөлігінің мазмұнын аяқтап болғаннан кейін оның игеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім;

2.30 Білім алушылардың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде ақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнсайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады;

2.31 Оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ) - бекітілген кесте бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының аудиториядан тыс жұмысы; білім алушының санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ), оқытушының басшылығымен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі -и ОМӨЖ) болып бөлінеді;

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

2.32 Оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - (ағымдық оқу кезеңі бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы) білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

2.33 Транскрипт (Transcript) - білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат;

2.34 Тьютор - студенттің нақты пәнді игеруі бойынша академиялық кеңесші рөлін атқаратын оқытушы;

2.35 Үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі - ҮОЖ) - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат;

2.36 Эдвайзер (Advisor) - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

2.37 Элективтік пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері.»;

2.38 Екі дипломдық білім - екі тең бағалы диплом (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major Minor) алу мақсатында екі оқу жоспары (білім беру бағдарламалары) бойынша параллельді білім алу мүмкіндігі;

3. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білім берудің оқу бағдарламалары және оқу жоспарлары

3.1 Білім берудің оқу бағдарламаларының мазмұны тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен белгіленеді және оқу жоспарлары мен бағдарламалары арқылы іске асырылады.

Оқу жоспарлары 3 нысанда әзірленеді:


- 1) типтік оқу жоспарлары;
- 2) жұмыс оқу жоспарлары;
- 3) жеке оқу жоспарлары

Әрбір модуль бөлінісінде қалыптасатын құзыреттіліктерді, қазақстандық кредиттердегі және ECTS кредиттердегі көлемін, оқыту кезеңін, модуль компоненттерін (құрамдас модульдің (пәндер, практикалар және т.б.) коды және атауы), пәндер топтамасын (ДБП, БП, ПП), міндетті компонентке немесе таңдау бойынша компонентке тиістілігін, кредиттердің санын және әрбір құрамдас модульге қатысты бақылау формасы) көрсете отырып, модуль түрлерінің шеңберінде білім беру бағдарламасының мазмұны;

3.2 Үлгілік оқу жоспары (ҮОЖ) – білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемі, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

ҮОЖ-ны білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

ҮОЖ-да міндетті компоненттегі әрбір оқу пәнінің еңбек сыйымдылығы кредиттермен анықталып, ал таңдау бойынша компонент кредиттердің жалпы санымен көрсетіледі.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

3.3 Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ) - мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін құжат;

ОЖЖ-да:

- білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын оқу пәндерінің (модульдердің) толық тізбесі;

- міндетті компонент (мемлекеттік жалпыға міндетті стандартта айқындалған пәндер), жоғары оқу орны компоненті (ЖК компоненті) – білім беру ұйымы дербес айқындайтын пәндер, таңдау бойынша компонент (элективті пәндер) пәндерінің еңбек сыйымдылығы кредиттермен;

- оқу пәндерін оқыту кезеңдері мен бірізділігі;

- оқу сабақтарының түрлері (дәріс, практикалық, зертханалық, семинарлық сабақтар, ОБӨЖ / БӨЖ);

- бақылау түрлері (ағымдық бақылау, рубеждік бақылау, қорытынды бақылау);

- кәсіби практикалардың, ғылыми-зерттеу жұмыстарының (магистратура үшін) көлемі;

- қорытынды аттестаттау нысандары айқындалады.

ОЖЖ жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

ОЖЖ білім беру бағдарламасының құрылымын, академиялық кезеңдер бойынша кредиттердің бөлінуін және білім алушының оқу жүктемесін регламенттейді.

3.4 Жеке оқу жоспары (бұдан әрі - ЖОЖ) - білім алушымен ҮОЖ және элективті пәндердің каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес жасалатын оқу жоспары;

ЖОЖ осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес әзірленеді.

ЖОЖ екі дана факультет деканының бұйрығымен бекітіледі:

- бір данасы деканатта сақталады және білім алушының кәсіптік оқу бағдарламасын орындауы мен меңгеруіне бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады,

- екінші данасы білім алушыға тапсырылады.

ЖОЖ-ға қосымша ретінде таңдау бойынша оқытылатын барлық оқу пәндерінің жүйеленген қысқаша сипаттамасын қамтитын элективті пәндер каталогы (ЭПК) әзірленеді. Каталогта әр пән бойынша оқытудың мақсаты, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері), сондай-ақ күтілетін оқу нәтижелері (білім алушының меңгеретін білімі, іскерлігі, дағдысы және құзыреттіліктері) көрсетіледі.

Білім алушыларға пәндерді таңдауда тиімді бағдар беру мақсатында каталогта әрбір оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсету ұсынылады.


Университет оқу процесін қажетті барлық ақпараттық көздермен толық көлемде қамтамасыз етеді: оқулықтармен, оқу құралдарымен, оқу пәндері бойынша әдістемелік материалдармен және әзірлемелермен, үлестірмелі материалдармен, өзіндік жұмысқа арналған нұсқаулықтармен, электрондық оқулықтармен, сондай-ақ желілік білім беру ресурстарына қолжетімділікпен.

Сонымен қатар, әрбір білім алушы оқу кезеңінің барлық мерзімінде анықтамалық-жолсілтеме материалдарымен қамтамасыз етіледі.

4. Кредиттік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру

4.1 Кредиттік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың басты міндеттері:

1) білім көлемін біріздендіру;

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

- 2) оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай туғызу;
- 3) білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту;
- 4) білім алушының оқудағы шынайы жетістіктерін оларды тиімді бақылау рәсімдері негізінде анықтау болып табылады.

Кредиттік оқыту технологиясы мыналарды көздейді:

- 1) білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән бойынша еңбек шығынын бағалау үшін кредиттер жүйесін енгізу;
- 2) білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін жұмыс оқу жоспарына енгізілген таңдау бойынша пәндерді олардың таңдау еркіндігі;
- 3) білім алушылардың оқытушыларды таңдаудағы еркіндігі;
- 4) білім алушылардың білім траекториясын таңдауына ықпал ететін эдвайзерлерді оқу үдерісіне тарту;
- 5) оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану;
- 6) білім беру бағдарламаларын меңгеруде білім алушылардың өзіндік жұмыстарын жандандыру;
- 7) оқу үдерісін ұйымдастыруда факультетке (институтқа) академиялық еркіндік беру;
- 8) оқу үдерісін қағазды және электронды тасымалдағыштардағы барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- 9) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;
- 10) әрбір оқу пәні бойынша білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

4.2 Балдық-рейтингтік бағалау жүйесі

Балдық-рейтингтік жүйе білім алушылардың оқу жетістіктерін кешенді бағалауға, олардың оқу-танымдық қызметінің деңгейін айқындауға, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының оқыту қызметінің тиімділігін талдауға мүмкіндік береді.

Балдық-рейтингтік жүйе негізінде алынған нәтижелер оқу процесін басқаруға, оның сапасын арттыруға және анықталған кемшіліктерді жою мақсатында тиісті түзету шараларын қабылдауға негіз болады.

4.3 Оқу жылын ұйымдастыру

Бір оқу жылы шеңберіндегі оқу процесін ұйымдастыру университет ректоры бекітетін академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

Бір оқу жылы 2 (екі) академиялық семестрден тұрады және 1 қыркүйектен басталады.

4.4 Академиялық сағаттың құрылымы

Дәрістік, практикалық (семинарлық), зертханалық және студиялық сабақтардың әрбір академиялық сағаты:


- 1 (бір) академиялық сағат білім алушының өзіндік жұмысымен (БӨЖ);
- 1 (бір) академиялық сағат оқытушының жетекшілігімен жүзеге асырылатын білім алушының өзіндік жұмысымен (ОБӨЖ) толықтырылады.

4.5 Қосымша (жазғы/қысқы) семестр

Университеттің академиялық саясатына сәйкес білім алушылардың қосымша білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарыздарын жою, оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды жою немесе GPA көрсеткішін арттыру мақсатында қосымша семестр ұйымдастырылады.

Қосымша семестр:

- жазғы кезеңде – ұзақтығы 6 аптаға дейін;

 ITU SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

- қысқы кезеңде – ұзақтығы 2 аптаға дейін ұйымдастырылады.

Қосымша семестр студенттердің және деканаттардың ұсынысы негізінде, ректораттың келісімімен, ақылы негізде жүзеге асырылады.

Қосымша семестрге жіберу шарттары

Қосымша семестрге келесі білім алушылар жіберіледі:

- рейтингтік бақылау нәтижелері бойынша емтиханға жіберілмеген студенттер;

- қайта қабылданған, басқа жоғары оқу орнынан ауысқан немесе академиялық демалыстан шыққан кезде академиялық айырмашылықтары бар студенттер;

- академиялық қарыздары бар студенттер.

Қосымша семестрде оқу ақылы негізде жүзеге асырылады.

Үлгеруші студенттердің қосымша курстарды оқуы

Үлгеруші студенттерге қосымша семестрде қосымша пәндерді оқуға келесі талаптар орындалған жағдайда рұқсат беріледі:

- студент келесі курсқа академиялық қарызсыз көшірілген болуы тиіс;

- академиялық топтың рентабельділігі кемінде 5 (бес) студентті құрауы тиіс;

- қосымша оқуға рұқсат етілетін пәндер саны студенттің жылдық GPA көрсеткішіне байланысты айқындалады:

GPA B және одан жоғары – 4 пәнге дейін (8 кредиттен аспайды);

GPA B- – 3 пәнге дейін (6 кредиттен аспайды);

GPA C – 2 пәнге дейін (4 кредиттен аспайды).

Жазғы семестрді рәсімдеу тәртібі

Жазғы семестрді ұйымдастыру университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және қолданыстағы академиялық саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

Жазғы семестрге қатысу үшін студенттер жазғы семестр сессиясы басталғанға дейін Тіркеу бөліміне (Офис регистраторға) жазғы семестрге қатысу ниеті туралы негізделген өтініш ұсынады.

Өтініш оң шешім қабылданған жағдайда, Тіркеу бөлімі:

- жазғы семестрдің академиялық ағындарын қалыптастырады;

- сабақ кестесін әзірлейді;

- сабақ кестесі Академиялық жұмыстар жөніндегі проректорға бекітуге ұсынылады.

Сабақ кестесі жазғы семестрге тартылатын профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесі мен жұмысбастылығын ескере отырып құрастырылады.

Жазғы семестрді ұйымдастыру баллдық-рейтингтік жүйе (БРЖ) және білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалау қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасының оқу жоспарында көзделген пәндер бойынша қорытынды бақылау емтихан нысанында өткізіледі.

Білім беру бағдарламасының оқу жоспарынан тыс (қосымша) пәндер бойынша қорытынды бағалауды жазғы семестр кезеңінде сабақ жүргізген оқытушы жүзеге асырады.


Жазғы семестр кезеңінде игерілген білім беру бағдарламасының оқу жоспарындағы пәндер бойынша алынған қорытынды бағалар келесі оқу жылының GPA көрсеткішін қалыптастыру кезінде ескеріледі.

4.5 Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)

ОБӨЖ сабақ кестесіне енгізіледі және оқытушының (әдетте, лектор немесе ассистенттің) педагогикалық жүктемесіне толық көлемде есептеледі.

ОБӨЖ білім алушыларға:

- консультация беру;

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

- интерактивтік сабақтар өткізу;
- үй тапсырмаларын, бақылау жұмыстарын тексеру және талдау;
- курстық жобалар мен жұмыстарды орындау барысын бақылау;
- өзге де академиялық тапсырмаларды орындауға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылады.

ОБӨЖ оқу жоспарының барлық пәндері бойынша көзделеді.

ОБӨЖ шеңберіндегі сабақтар:

- қосымша кеңес алуға ниет білдірген;
- ағымдағы рейтингі төмен;
- пән бойынша тапсырмаларды орындауда қиындықтары бар білім алушыларға бағытталады.

- ОБӨЖ барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік жүйе талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

- ОБӨЖ коллоквиумдар, пікірталастар, жазбаша бақылау жұмыстары және өзге де бақылау іс-шараларын өткізуді көздейді.

- ОБӨЖ сағаттарына үй тапсырмаларын, курстық жобаларды (жұмыстарды), семестрлік және бақылау жұмыстарын, есептер мен өзге де БӨЖ тапсырмаларын орындау бойынша консультациялар кіреді.

4.6 Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім алушының өзіндік жұмысы пәннің (курстың) жалпы еңбек сыйымдылығының 70%-ын құрайды.

Оның ішінде:

- 50%-ы – оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыс (ОБӨЖ);
- 50%-ы – білім алушының дербес өзіндік жұмысы (БӨЖ).

1 академиялық кредиттің құрылымы:

- 15 байланыс сағаты (аудиториялық сабақтар);
- 7,5 сағат – ОБӨЖ;
- 22,5 сағат – БӨЖ.

БӨЖ көлемі білім алушыдан жүйелі, күнделікті өзіндік дайындықты талап ететін нақты тапсырмалармен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.7 Оқу сабақтарының ұйымдастырылуы

Оқу сабақтары басым түрде белсенді және интерактивті оқыту нысандарында жүргізілуі тиіс (кейс-стади, іскерлік ойындар, тренингтер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқа да заманауи педагогикалық технологиялар).

4.8 Академиялық лектер мен топтарды қалыптастыру

Академиялық лектер пәнге тіркелген білім алушылардың жеткілікті саны қағидаты негізінде қалыптастырылады.

Деканат Тіркеу офісімен келісу арқылы:


- бекітілген жеке оқу жоспарларын;
- студенттер контингенті туралы ресми деректерді негізге ала отырып,
- академиялық лектерді және саны 50-ден 70 адамға дейінгі оқу топтарын қалыптастырады.

4.9 Пәндерге тіркеу тәртібі

Пәндерге білім алушыларды тіркеуді деканат Тіркеу офісінің бақылауымен ұйымдастырады.

Әдістемелік-ұйымдастырушылық және консультациялық жұмыстарды жүзеге асыру үшін эдвайзерлер тартылады.

4.10 Академиялық топтардың рентабельділігі және білім траекториясын жоспарлау

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Білім алушылар саны 20–25 адамды құрайтын академиялық топ рентабельді болып саналады.

Рентабельді емес шағын топтардағы білім алушылар 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс оқу жоспарында көзделген басқа элективті пәнді таңдау туралы өтініш беруге құқылы.

Егер білім алушы көрсетілген мерзімде өз таңдау құқығын пайдаланбаса, рентабельді емес элективті пәнді алмастыру туралы шешімді Тіркеу бөлімі (Офис регистратор) қабылдайды.

Білім алушы өзінің білім беру траекториясын жұмыс оқу жоспары мен пәндердің оқу бағдарламалары (Syllabus) негізінде эдвайзердің консультациялық көмегі арқылы жоспарлайды.

Аттас оқу пәнін бірнеше оқытушы жүргізген жағдайда, білім алушы баламалы оқытушыны таңдауға құқылы.

4.11 Жеке оқу жоспарын қалыптастыру

Білім алушылар ЖОЖ (жеке оқу жоспарын) қалыптастыру барысында: кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен танысуға;

оқу пәндеріне тіркелудің және ЖОЖ-ға өзгерістер енгізудің белгіленген мерзімдерін сақтауға;

осы Ереженің 30-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын меңгеру үшін оқу жылында белгіленген кредиттердің кем емес санына тіркелуге міндетті.

Ақылы негізде білім алушылар белгіленген кредиттер санынан аз кредитке ЖОЖ қалыптастыра алады. Бұл жағдайда оқу мерзімі тиісті түрде ұзартылады.

4.12 Басқа жоғары оқу орнында пән оқу

Білім алушы өзінің білім беру траекториясын жоспарлау барысында оқу жоспарының 1–2 альтернативті пәнін Қазақстан Республикасының басқа жоғары оқу орнында ақылы негізде оқуға құқылы.

Бұл жағдайда білім алушы Университет ректорының атына өтініш береді және таңдаған жоғары оқу орнының ректоры қол қойған, мөрімен расталған уақытша білім алушы мәртебесін беру туралы анықтаманы қоса ұсынады.

Пәнді аяқтағаннан кейін білім алушы кредит саны мен алған бағасы көрсетілген, жоғары оқу орнының мөрімен расталған емтихан тізбесін Тіркеу бөліміне тапсырады.

4.13 Оқу процесі мен аттестаттау

Білім беру технологияларының тиімділігін, объективтілігін және сапасын арттыру мақсатында оқу процесі мен білім алушыларды аралық аттестаттау өзара бөлінеді.

Білім алушылардың білім сапасын бақылау жүйесін ұйымдастыру Академиялық жұмыстар жөніндегі проректорға бағынысты деканаттар арқылы жүзеге асырылады.


4.14 Ағымдық бақылау және аралық аттестаттау

Ағымдық бақылаудың барлық түрлерін және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды пән бойынша сабақ жүргізетін оқытушы жүзеге асырады.

Ағымдық бақылау нәтижесі пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 60%-ын құрайды.

Білім алушыларды аралық аттестаттау деканат арқылы жүргізіледі және оның үлесі пән бойынша қорытынды бағаның 40%-ынан аспайды.

4.15 Баллдық-рейтингтік бағалау жүйесі

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Университетте білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау баллдық-рейтингтік жүйе (БРЖ) бойынша жүзеге асырылады.

Баллдық-рейтингтік жүйе:

- ағымдық бақылауды;
- аралық аттестаттауды;
- қорытынды аттестаттауды қамтиды.

БРЖ талаптарына сәйкес:

- 60% – ағымдық бақылауға;
- 40% – аралық аттестаттауға беріледі.

Университетте ағымдық бақылаудың ең төменгі шекті мәні – 27 балл, аралық аттестаттаудың ең төменгі шекті мәні – 15 балл болып белгіленеді.

4.16 Апелляция тәртібі

Білім алушылар емтихан нәтижелерімен келіспеген жағдайда апелляциялық комиссияға жүгінуге құқылы. Апелляциялық өтініш білім алушының өзі тарапынан апелляциялық комиссияға жазбаша түрде беріледі.

Апелляциялық комиссия Академиялық жұмыстар жөніндегі проректордың өкімімен құрылады.

4.17 Ағымдық бақылау және аралық аттестаттау

Білім алушылардың оқу жетістіктерін ағымдық бақылау әрбір орындалған тапсырма бойынша (сабақтағы жауап/белсенділік, үй тапсырмасы, студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ), межелік бақылау) 100 балдық шкала негізінде бағаланады.

Ағымдық бақылаудың қорытынды нәтижесі академиялық кезең ішінде алынған бағалардың арифметикалық орташа мәні бойынша есептеледі. Университетте ағымдық аттестаттауға арналған академиялық кезең ұзақтығы – 1 апта.

Ағымдық бақылау нәтижелері жиынтық ведомоске және тіркеу офисінің электрондық деректер базасына енгізіледі.

Аралық аттестаттау емтихан түрінде өткізіледі. Емтихандар жазбаша, ауызша немесе тестілеу форматында ұйымдастырылады. Әрбір пән бойынша емтихан түрі факультет Кеңесінің шешімімен айқындалады.

Жазбаша және ауызша емтихандарды өткізу барысында кафедрада тәуелсіз емтихан қабылдаушы ретінде қатыса алатын кемінде екі тьютордың болуы міндетті.

Ағымдық бақылау және аралық аттестаттау нәтижелері емтихан ведомосіне енгізіліп, тіркеу офисінде сақталады. Ағымдық аттестаттау бойынша білім алушының рейтингісіне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

4.18 Бақылау-өлшеу материалдары (БӨМ)

Бақылау-өлшеу материалдарын (кемінде 300 тест сұрағы және кемінде 25 емтихан билеті) пән лекторы әзірлейді.


БӨМ кафедра мәжілісінде қаралып, бекітіледі. Бекітілген материалдар сессия басталуына 20 күн қалғанда қағаз және электрондық нұсқада Тест орталығына (тест тапсырмалары) және деканатқа (емтихан билеттері) тапсырылады.

Кафедрада тәуелсіз емтихан қабылдаушы болмаған жағдайда, Академиялық жұмыстар жөніндегі проректордың шешімімен емтиханды лектордың қабылдауына рұқсат беріледі.

4.19 Қорытынды баға және бағалау жүйесі

Студенттің оқу пәнін меңгеру деңгейін сипаттайтын қорытынды нәтиже баллдық-рейтингтік жүйе, төрт балдық жүйе және әріптік эквиваленттік шкала негізінде емтихан ведомосінде көрсетіледі.

Емтихан нәтижелері білім алушыларға бақылау өткізілген күні хабарланады.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерлігі, дағдылары және құзыреттері) төрт балдық жүйеге сәйкес сандық эквивалентпен және әріптік бағалау жүйесімен бағаланады (оң бағалар – А-дан D-ға дейін, «қанағаттанарлықсыз» – F).

4.20 Кредит құны және оқу ақысы

Университетте оқытудың, оның ішінде жеке кесте бойынша (пәнді қайта оқу, жеке оқу, оқу жоспарындағы пәндер айырмашылығын тапсыру) бір кредитінің құны Университет ректорының бұйрығымен, Ғылыми кеңес шешімі негізінде бекітіледі.

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқыту құнының орташа арифметикалық мәні негізінде, мамандықтарға қарамастан, бір кредиттің бірыңғай құнын белгілеу ұсынылады.

4.21 Стипендия және академиялық үлгерім

Аралық аттестаттау қорытындысы бойынша барлық емтихандарын «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларына тапсырған мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алушыларға стипендия тағайындалады.

Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқитын білім алушылар келесі оқу кезеңінде мемлекеттік гранттан айырылады.

Білім алушыларды курстан курсқа көшіру белгіленген өту баллына (GPA) сәйкес жүзеге асырылады:


- 1 курс үшін – 1,33;
- 2 курс үшін – 1,67;
- 3–4 курстар үшін – 2,0.

Қайта оқуға қалдырылған білім алушылар оқуды ақылы негізде жалғастырады.

4.22 Үздік диплом беру тәртібі

Оқу кезеңі ішінде барлық емтихандарын «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларына тапсырған және қорытынды орташа үлгерім балы (GPA) 3,5-тен төмен емес болған, сондай-ақ бітіру жұмысын «А» немесе «А-» бағасына қорғаған не мемлекеттік емтихандарды «А» және/немесе «А-» бағасына тапсырған бітірушіге үздік диплом беріледі.

Дипломға қосымша ретінде белгіленген үлгідегі транскрипт қоса беріледі.

 ITU SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Международный Таразский
университет имени Шерхана
Муртазы



Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз университеті


Бекітемін
Факультет деканы

_____ (қолы)
" __ " _____ 20__ ж
_____ (мөр)

Жеке оқу жоспары

Білім алушы _____
 Тегі Аты Әжесінің аты _____
 Академиялық дәреже _____
 Транскриптің номері _____
 Білім беру бағдарламаларының тобы _____
 Білім беру бағдарламасы тобының атауы (шифр) _____
 Білім беру бағдарламасы _____
 Білім беру бағдарламасының атауы _____
 Дипломдық жұмыстың тақырыбы [_____]
 Оқыту түрі _____
 Атауы, оқу жылдарының саны _____
 Курс _____
 Оқыту тілі _____
 20__ - 20__ оқу жылы


№	МК/ЖК/ТК/ҚПТ/ӨӨП	Пән коды	Атау	Кредиттер саны	Сабак түрі	Оқытушы	Сағаттар	Бақылау формасы	Баға
1 Оқу курсы 20__-20__ оқу жылы									
1 Академиялық кезен									
1									
...									
Кредиттердің жалпы саны									
2 Академиялық кезен									
...									
Кредиттердің жалпы саны									
Курс кредиттерінің жалпы саны									
2 Оқу курсы 20__-20__ оқу жылы									
3 Академиялық кезен									
...									

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Кредиттердің жалпы саны									
4 Академиялық кезен									
...									
Кредиттердің жалпы саны				30					
Курс кредиттерінің жалпы саны				58					
Кредиттердің жалпы саны				14					
Курс кредиттерінің жалпы саны				52					
Теориялық және тәжірибелік оқытудың жалпы кредиттер саны				225					

Қорытынды аттестаттау

Тіркеуші: _____ 20 ж.
Эдвайзер: _____ 20 ж.
Білім алушы: _____ 20 ж.

 ITU SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҰК НҰ 6-2023

Международный Таразский
университет имени Шерхана
Муртазы



Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз
университеті

Транскрипт

Аты-жөні _____
 Факультет _____
 Білім беру бағдарламаларының тобы _____
 Білім беру бағдарламасы _____
 Түскен жылы _____
 Оқыту тілі _____

№ р/с	Пәннің атауы	Кредиттер саны	Баға			
			пайыздарда	әріптік	баллдарда	дәстүрлі
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
...						
	Академиялық кезең 1 GPA -					
...						
	Академиялық кезең 2 GPA -					
	1 курсы GPA –					
...						
	Академиялық кезең 3 GPA -					
...						
	Академиялық кезең 4 GPA -					
	2 курсы GPA –					
..						
	Үлгерімнің орташа баллы GPA - 3.83					

«*» Қайта тапсырылған пәндер белгіленген


Кәсіптік практикадан өтті

Кәсіптік практикалар түрлері	Практиканы өту кезені	Кредиттер саны	Баға			
			пайыздарда	әріптік	баллдарда	дәстүрлі
...						

Қорытынды аттестаттау

Қорытынды аттестаттауды тапсырды	МАК хаттамасының күні және нөмірі	Кредиттер саны	Баға			
			пайыздарда	әріптік	баллдарда	дәстүрлі
...						

Кредиттердің жалпы саны
Игерілген кредиттер саны

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Ректор/ Rector/ Ректор _____

Тіркеу-офисінің жетекшісі/ Head of office receptionist


/ Руководитель Офис-регистратора

Маманы/ Specialist/ Специалист


m.o./ s.p./ м.п.


тіркеу №/ registration number №/ регистрационный № _____

" " _____ 20 _____

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023


5. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	А.С. Кадырова		08.09.2025
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева	Б. Бота'	08.09.2025

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

6.ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1	2	3	4	5
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				
19.				
20.				
21.				
22.				
23.				
24.				
25.				
26.				
27.				
28.				
29.				
30.				
31.				
32.				
33.				
34.				
35.				
36.				
37.				
38.				
39.				
40.				

 ITU SHEKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-33
	Академиялық саясат басқармасы Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

7. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Бөлім №	Парақтың №	Енгізу күні	Негіздеме	Өзгерту	Қолы
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						
8.						
9.						
10.						
11.						
12.						
13.						
14.						
15.						
16.						
17.						
18.						
19.						
20.						
21.						
22.						
23.						
24.						
25.						
26.						
27.						
28.						
29.						
30.						
31.						
32.						
33.						
34.						
35.						
36.						
37.						
38.						
39.						
40.						
41.						